## Бұл басылымда не жаңа?

Сызба деректері, кесте және түсіндірмелер соңғы ақпаратпен толықтырылған. Мазмұндағы төрт негізгі өзгеріс: соңғы оқиғалар мен жаңалықтарға сүйенетін 20 «Экономика жаңалықтары» мақалалары; 70-ке жуық жаңалықтарға сүйенетін жаңа қосымшалар және осының бәрі MyLab Economics және Pearson eText-пен тығыз байланысты. Бұлар «Макроэкономиканың» осы он үшінші басылымының айрықша ерекшеліктері.

### Мазмұндағы негізгі өзгерістер

1-тарауға енді «Экономикадағы экономистер» деп аталатын бөлік қосылды, онда экономика мамандары қандай салаларда қызмет атқара алатыны айтылып, олардың табысы мен іргелес салалардағы мамандардың табысы салыстырылады және экономикада табысты карьера жасауға қажет сыни ойлау, аналитика, математика, жазбаша және ауызекі коммуникация машықтары сипатталады.

**1.4-сызба.** Экономист мамандардың табысы




Экономика мамандары жоғары табыс табатындар қатарынан емес, химик-инженерлер мен математиктер олардан көбірек табыс табады. Бірақ орта мансапты экономистің жылына табатын 100 000$ табысы өзге мамандық иелерінікінен әлдеқайда жоғары.

*Дереккөз:* Америка экономика қауымдастығы, https://www.aeaweb.org/resources/students/careers/earnings.

MyLab Economics Animation

2-тарауда «Тот басқан белдеу» экономикасына, ондағы қиындықтардың себептері мен оларды еңсеру амалдарына қатысты тұрақты алаңдауға байланысты экономика кеңейген сайын өндірістің өзгеріп жатқан модельдерін сипаттайтын әрі бейнелейтін жаңа бөлім бар. Өндіріс кеңейген сайын техникалық өзгеріс пен экономикалық өсу ең алдымен ауыл шаруашылығы үлесін қалай азайтатынын, кейін қызмет саласы кеңейген сайын өңдеу өнеркәсібінің үлесін қалай азайтатынын түсіндіреді.

2-тарауда сондай-ақ сыртқа иілген *өндіріс мүмкіндіктері шегі* толығырақ түсіндіріліп, графикалық түйіндер ұсынылады.

14-тарауда қайта қаралып, түзетілген «Төмен пайыздық мөлшерлемені сақтауды қолдау және оған қарсы болу» деп аталатын «Мәселе» айдарында ФРЖ-ның екі жаңа президенті, Кливленд ФРЖ-сындағы Лоретта Местер мен Канзас-Сити ФРЖ-сындағы Эстер Джорджның көзқарастары ФРЖ-ның басшысы Джанет Йелленнің көзқарасымен салыстырылады.



**Төмен пайыздық мөлшерлемені сақтауды қолдау және оған қарсы болу**

2017 жылдың қыркүйек айында өткен FOMC жиынында FOMC федералдық қор мөлшері үшін мақсатты диапазонды 1%-дан 1,25%-ға дейін сақтауды шешті. Комитет экономикалық жағдайлар федералдық қор мөлшерін біртіндеп арттыруды талап ететін жолмен дамитынын, сондай-ақ біраз уақыт бойы төмен болатынын да күтті. FOMC-тың тоғыз мүшесі осы шешімді қолдады және ешкім қарсы дауыс берген жоқ.

Алайда ФРЖ-ның кейбір аймақтағы президенттері инфляцияға қатысты аса сақ болғысы келеді және пайыздық мөлшерлемені неғұрлым ерте көтергісі келеді.

Осы мәселенің екі жағын қарастырайық.

**ФРЖ:**

- ФРЖ мандаты – барынша толық жұмыспен қамту және баға тұрақтылығын ұстап тұру.
- 2017 жылдың қыркүйек айында инфляция төмендеді, сондықтан баға тұрақтылығына ештеңе қауіп төндірмеді.
- Жұмыссыздық төмен болды, бірақ нақты ЖІӨ өсуі әлсіз болып қала берді.
- Жаһандық және ішкі саяси белгісіздіктен өсуге қосымша тәуекел туындады.
- Баға тұрақты, өсу баяу болғандықтан, ақша-несие ынталандыруы әлі де қажет болды.
- Федералдық қор мөлшері төмен деңгейде болды.
- Бірнеше жылға созылатын процесте пайыздық мөлшерлеме біртіндеп артады.

**ФРЖ-ның екі президенті былай дейді:**

- Кливлендтегі ФРБ президенті Лоретта Местердің айтуынша, ФРЖ федералдық қор мөлшері мақсатын көтеру үшін инфляцияның 2%-ға дейін өсуін күте алмайды.
- Местер ФРЖ-ның «инфляцияның алдын алғанын қалайды».
- Канзас-Сити ФРБ-сының президенті Эстер Джордж сондай-ақ пайыздық мөлшерлеме өте баяу жылжитынына алаңдаушылық білдіреді.
- Ол экономиканы тұрақты ұстауы үшін ФРЖ бірте-бірте мөлшерлемені көтере бастауы керек дейді.
- ФРЖ екі президентінің осы көзқарасы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру нәтижесіндегі мезгілдік кідіріс ұзақ және айнымалы болады деген фактіге сәйкес келеді.
- Қазіргі пайыздық мөлшерлеме болашақта екі жыл бойы инфляция деңгейіне ықпал ететін болады, сондықтан ФРЖ қазіргі төмен инфляцияға емес, болжанатын болашақ инфляция деңгейіне сүйенетін пайыздық мөлшерлемені белгілеуге тиіс.

«Экономикалық жағдайлар біртіндеп өсуге алып келгенге дейін төмен пайыздық мөлшерлемені сақтай отырып, ФРЖ инфляцияны тудырмай, шығынды ынталандыра алады» деп есептейді ФРЖ төрайымы Джанет Йеллен

FOMC «мөлшерлемені көтеруде байыпты болды, осы байыптылық дивидендтер әкелді». «Болжам бойынша, ақша-несие саясатын қалпына келтіру процесі бірнеше жылға созылады», – деді Джером Пауэлл 2017 жылдың маусымында, ФРЖ төрағасы болып тағайындалғанға дейін

«ФРЖ инфляцияның алдын алуы керек», – дейді Кливлендтегі ФРБ президенті Лоретта Местер

«ФРЖ экономиканы тұрақты ұстауы керек», – дейді Канзас-Ситидегі ФРБ президенті Эстер Джордж

7-тарау қайта қаралып, жаңартылды, сондай-ақ онда 2007–2008 жылдардағы қаржы дағдарысы мен көбіне несие қаражатының тербеліс көздеріне тоқталады.

14-тарауда федералдық қор мөлшері «коридорының» жаңа түсіндірмесі және «Қаржы дағдарысы: терапия және қауіптің алдын алу» деп

аталатын қайта өңделген қорытынды бөлім бар, оған Додд-Франк заңы, Уолкер ережесі және басқа да макропруденциалдық ережелер бойынша мәліметтер кіреді.

### Экономика жаңалықтары

Әр тараудың соңындағы «Экономика жаңалықтары» айдарындағы мақалалардың бәрі студентті қызықтырып, ынталандыра алатын ағымдағы мәселелердің шығу төркінін іздеу үшін таңдап алынған. Мысалға 2-тараудағы «Тот басқан белдеу» тақырыбын келтіруге болады.



ЭКОНОМИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«Тот басқан белдеудегі» өндіріс мүмкіндіктері

**Президент Трамп «Тот басқан белдеуді» құтқара ала ма?**

*The Week*
2017 жылғы 18 наурыз

Президент Трамп өндірістегі жұмыс орындарының ондаған жылға созылған құлдырауын қалпына келтіруге уәде берді. Бұл мүмкін бе?..

Батыс Нью-Йорктен Пенсильвания, Огайо, Мичиган, Индиана, Иллинойс және Висконсинге дейін созылған аймақ 1979 жылдан бері айтарлықтай құлдырап келеді. Бұл – АҚШ-тың өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыспен қамту шыңына жеткен уақыт. Кейінгі қырық жылда өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыс орындарының саны 7 миллионға азайды, себебі зауыттар азайып, жабылып, жұмысын Мексика және Қытай сияқты жалақысы төмен елдерге аутсорсингке берді...

Трамп АҚШ-та жұмыс орындарын сақтау немесе құру үшін, Carrier-ді қоса алғанда, бірнеше компанияға қысым жасау мақсатында несие талап етуде. Оны әртүрлі экономикалық ынталандырумен алмастырмақ. [Және ол] Мексикада, Қытайда және өзге елдерде жасалған өнімдерге 20–35%-ға дейін тариф пен салық салынуын талап етті...

Мұндай саясат нәтиже бере ме? Олай ойлайтын экономист аз: Болл штаты университетінің зерттеуіне сәйкес, 2000–2010 жылдары жоғалған 5 млн жұмыс орнының 85%-ына технологиялар мен роботтар кінәлі болуы мүмкін. Сондықтан экономистердің барлығы дерлік жойылып кеткен миллиондаған жұмыс орнын қайтару екіталай деп есептейді.

Сонда «Тот басқан белдеу» жұмысшыларының болашағы жоқ па? Олай болмауы да мүмкін. Экономистер оларды жаңа өндіріс кезеңі үшін қайта оқыту керек екенін айтады. Жаңа кезең компьютерлер мен роботтарды бағдарламалайтын және басқара алатын жұмысшыларды талап етеді. Ақ үйдің 2016 жылғы есебінше, АҚШ алдағы онжылдықта мамандanған өндірісте 3,5 млн білікті жұмыс орнын толтыруға тиіс...

*«Can President Trump Rescue the Rust Belt?» The Week*, 2017 жылғы 18 наурыз. Retrieved from: http://theweek.com/articles/686314/president-trump-rescue-rust-belt

**ӘҢГІМЕНІҢ ТОҚЕТЕРІ**

- «Тот басқан белдеудің» халі мүшкіл, себебі өндірістегі жұмыс орындары 1979 жылдан бері 7 миллионға азайды.
- Президент Трамп АҚШ-та жұмыс орындарын сақтау немесе құру үшін экономикалық ынталандыру керек екенін айтады. Ал Мексика мен Қытайдан келетін импортқа салық салуды ұсынады.
- Біраз экономистердің пікірінше, бұл саясаттың әсері бар, себебі зауыттағы жұмыс орындарының көбі жаңа технологиялар мен роботтар көбеюі салдарынан жойылды.
- Экономистер «Тот басқан белдеудегі» қызметкерлерді жаңа технологиялармен жұмыс істеу үшін қайта оқыту қажет деп санайды.

MyLab Economics Economics in the News

### Жаңалықтарға сүйенетін мәселелер мен қосымшалар

Жаңалықтарға сүйенетін 70 жаңа мәселе мен қосымшада көрсетілген тақырыптарға мысал ретінде азайып келе жатқан дәстүрлі бөлшек сату дүкендері және кеңейіп келе жатқан онлайн сауда; Amazon-ның еңбек нарығына ықпалы; роботтардың тиімділікті арттыруы; американдықтардың қолма-қол ақшаны әлі де көбірек пайдаланатыны; NAFTA-ны тарату; смартфон арқылы төлем жасау және Ирма мен Харвидің федералдық бюджетке әсерін айтуға болады.

## Үйрету және үйрену мәселелерін шешу

Менің экономикадан сабақ берудегі, осы кітапты жазудағы, MyLab Economics үшін контент жасауға үлес қосудағы мақсатым – студенттердің дүниеге көзқарасын өзгерту.

Менің сүйенетін қағидам: студенттер туралы үш факті. Біріншіден, олар көбірек оқып-үйренуге құштар, бірақ олардың талпынысы мен сұранысына уақыты мен күш-қуаты жетпей жатады. Сондықтан олар өмірі мен келешек мансабы үшін оқыған нәрсесі қаншалықты маңызды екенін білуі керек. Екіншіден, студенттер оны тез оқып-үйренгісі келеді. Бұл үшін оларға нақты және қысқаша түсіндірмелер берілуге тиіс. Үшіншіден, студенттер қазіргі әлемді түсініп, оқуын аяқтағанда тіршілікке дайын болғысы келеді. Сондықтан да оларға қазіргі оқиғалар мен мәселелерде, сондай-ақ алдынан шығуы мүмкін келешек қиындықтарды түсінуде бағыт-бағдар беру үшін экономика мен оның модельдеріндегі шексіз, ескірмейтін қағидалар қалай жүзеге асырылатынын көрсету керек.

Осы оқулықтың мәтіні мен MyLab тікелей осы бағыттаушы қағидаларға сүйеніп құрылды. Әр тарау оқу мақсаттарын анық баяндаудан басталады, олар тараудың бөлігімен сәйкес келеді.

Оқу ресурстары сондай-ақ тікелей үш бағыттаушы қағидадан туындады, мен оларды бес топқа жіктей отырып сипаттаймын:

- Экономиканы нақты ету
- Глоссарий
- Әрекетті көрсету және оқиғаны баяндау
- Интерактив түрде үйрену – істеу арқылы үйрену
- MyLab Economics

### Экономиканы нақты ету

Студент экономиканы ешқандай нақты мақсатсыз логикалық жаттығулар топтамасы ретінде емес, шынайы әлемдегі мәселелер мен оқиғаларға зейін салатын құрал ретінде көруі керек. «Экономика жаңалықтары» мен «Мәселе» айдарлары осы мақсатқа жету үшін әзірленген.

Әр тарау студенттерді әрі қарай да зер салу мен ынталандыру үшін сұрақ қоятын ыңғайлы кіріспеден басталады. Тарау осы сұраққа жауап іздеп, талдайтын қағидалар мен модельдерді түсіндіріп, тараудағы құралдар мен ұғымдарды айналасындағы әлеммен байланыстыру арқылы студенттерге

экономистер сияқты ойлауға көмектесетін «Экономика жаңалықтары» айдарымен аяқталады. Осы барлық жаңалық тапсырмалары жылдам кері байланыс жасау және жаңа ағымдағы тапсырмаларды автоматты түрде іріктеу, сондай-ақ тұрақты түрде жүктеу функциясымен MyLab-та орналасқан.

Тараулардың көбінде (төменде көрсетілген) керек тұсында қысқаша деректермен толықтырылған қысқа жаңалықтар материалы – «Экономика жаңалықтары» ұсынылады, сұрақтар қойылып, сол сұрақтар бойынша жауаптарға шолу жасалады.

**ЭКОНОМИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**Жоғары білім нарығы**

**Оқу ақысы неге жоғары?**

Оқу ақысы жоғары болуына себеп – профессорларға көп ақша төленетіні ме? Оқу ақысы штаттардың колледждеріне мемлекеттік қолдаудың азаюына байланысты жоғары ма? Ұлттық экономикалық зерттеу бюросы студенттер федералдық көмекке қол жеткізе алуынан оқу ақысы жоғары дейді. Студенттер неғұрлым көп көмек ақша ала алса, колледждер ақыны соғұрлым көтеруі мүмкін.

*Дереккөз:* Inside Higher Ed, 2016 жылғы 9 ақпан.




**ДЕРЕКТЕР**

Нүктелі диаграммада 1971 жылдан 2015 жылға дейінгі колледжге қабылдау туралы деректер ұсынылған.




**1-сызба. 1971–2015 жылдардағы оқуға тіркеу және оқу ақысы**

- Бағасы мен көлемі көп жыл бойы ұлғайғандықтан, жоғары білім беру ұсынысы кеміген жоқ.
- Сызбада жоғары білім нарығы көрсетілген.
- Жоғары білім беру ұсынысы қисығы – *S* жоғары көлбейді, өйткені балама шығынның арту принципі басқа тауарлар мен қызметтердегі сияқты жоғары білімге де қолданылады.
- 2001 жылы жоғары білімге сұраныс $D_{2001}$ болды. Тепе-тең оқу ақысы 14 000$ болды, 10 миллион студент колледжге қабылданды.
- 2001–2015 жылдар арасында:
  1) жұрттың табысы артты;
  2) халық саны артты;
  3) жаңа жұмыс орындары жоғары білімді қажет етті.
- Осы (және мүмкін басқа) факторлар жоғары білімге деген сұранысты арттырды. Сұраныс қисығы $D_{2015}$-те оңға жылжыған. Тепе-тең оқу бағасы 21 000 долларға дейін, сұратылған көлемі 13 миллион студентке дейін өсті.




**2-сызба. Жоғары білім беру нарығы**

**СҰРАҚТАР**

- Нүктелі диаграмма не дейді?
- Колледжде оқу ақысы неге көтерілді? Сұраныс артқандықтан ба, әлде ұсыныс кемігендіктен бе?

**ЖАУАПТАР**

- Нүктелі диаграмма 1971–2015 жылдар аралығындағы көп жылда оқуға түсу де, оқу ақысы да ұлғайғанын айтады. Кейбір оқу жылдары оқу ақысы өсті, оқуға түсу азайды, бірақ ондай жылдар аз.
- Сұраныстың артуы бағаның өсуі мен көлемнің ұлғаюына әкеледі.
- Баға (оқу ақысы) да, көлем де (оқуға қабылдау) ұлғайғандықтан, жоғары білімге сұраныс артты.
- Ұсыныстың кемуі бағаның өсуіне, көлемнің ұлғаюына әкеледі.

MyLab Economics Economics in the News

экономикасы; зияткерлік меншік құқығының өсуді ынталандыруы; несие қаражатының тұрғын үй бағасы көпіршігін ұлғайтуы; резервтері бар коммерциялық банк ағындары; ФРЖ баланс есебі жарылатыны; фискалдық ынталандыру мультипликаторларының көлемі сияқты мәселелер талқыланады.

Осы оқулықтағы тақырыптармен зерттеу еңбектері үндесетін үздік экономистермен сұхбат – экономиканы нақты етудің соңғы компоненті. Бұл сұхбаттарда көрнекті экономистердің білімі, зерттеулері және сол тақырыпты зерделеуді жалғастырғысы келетіндер үшін беретін кеңестері көрсетілген.

**Эстер Дюфломен сұхбат**



Эстер Дюфло – Массачусетс технология институтының Кедейлікті жою және экономиканы дамыту профессоры. Оның көптеген марапатының ішінде «40 жасқа толмаған экономистердің ең үздік еңбегі» номинациясы бойынша 2010 жылы алған Джон Бейтс Кларк медалі де бар. *Financial Times* пен Goldman Sachs-тің 2011 жылғы «Бизнес тақырыбындағы үздік кітап» марапатын (Абхиджит Банерджимен бірге жазған) «Нашар экономика: жаһандық кедейлікпен күрес жолдарын түбегейлі қайта ойластыру» еңбегі үшін алған.

Профессор Дюфлоның зерттеулері шынайы өмірде ауқымды эксперимент жүргізу арқылы өте кедей адамдардың экономикалық таңдауын терең түсінуімізге бағытталған. Профессор Дюфло Тарих және экономика жоғары мектебінде (É cole Normale Superieure) бакалавр болды. АҚШ-қа қоныс аударғанға дейін Париждегі DELTA оқу орнында магистр дәрежесін алды. 1999 жылы Массачусетс технологиялық институтында экономикадан PhD (философия докторы) дәрежесін қорғады.

Оның Майкл Паркинге берген сұхбаты экономикадағы таңдау мен өте кедей халықтың жағдайы туралы түсінігімізді кеңейтеді.

*Профессор Дюфло, сіз қалай экономист болдыңыз, әсіресе өте кедей адамдардың экономикалық таңдауын түсінуге арналған экспериментті жобалаушы болуыңыздың тарихы қандай?*

Соғыс құрбаны болған балалармен айналысатын шағын МЕҰ (NGO) дәрігері болып жұмыс істеген анамның қасында жүріп және бүкіл әлем балалары туралы кітаптарды көп оқып, кедей балалардың тұрмыс тіршілігіне қанығып өстім: өзіммен-өзім осындай бейбіт те дәулетті елде өмір сүріп жүргеніңді қалай ақтайсың деп сұрағаным есімде. Кедейлік туралы түсінігім тым үстірт еді, бірақ қадімгідей мазалайтын. Кедейлік зардабын жою үшін қолымнан келгенше бірдеңе істеу керегін сезіп жүрдім. Күндердің күні бұл мәселені шешуде экономика пайдалы болуы мүмкін екенін байқадым. Ресейде француз тілін үйретіп, тарихты зерделеп бір жыл жүрдім. Сол кезде экономист ғалымдардың әлем тіршілігіне араласу мүмкіндігі бар екенін түсіндім. Бұл мен үшін тамаша жұмыс болар еді деп ойладым. Және оған өкінбеймін. Мен әлемдегі ең жақсы жұмыста істеймін.

**...Сиэтл немесе Денверде пәтерақы төлегеннен кейін күніне бір долларға өмір сүретініңізді елестетіп көріңіз. Оңай емес!**

*Тым кедей адамдар күніне 1–2 долларға күн көреді. Күніне 1$ осы кедей адамдар тұтынатын барлық нәрсені қамтитын шынайы көрсеткіш пе?*

Кедейлік шегін анықтауға тұрғын үй ақысын қоспаймыз. Табысы аз адамдар тегін де игіліктер алады, кейде олардың (білім беру, денсаулық сақтау) сапасы нашар болады, олардың құны да ескерілмейді. Олардан басқаның бәрі кіреді.

Оның үстіне кедей елдердің бәрінде жалақы төмен болған соң, өмір де әлдеқайда арзан екенін, сондықтан жергілікті деңгейде өндірілетін және тұтынылатын нәрсенің бәрі (мысалы, шаш қиюо) арзан екенін ескеруіңіз керек.

Мысалы, Үндістанда бір доллардың сатып алу қабілеті (сіз сатып ала алатын нақты тауарларға шаққанда) АҚШ-қа қарағанда шамамен 3 есе жоғары. Сондықтан Үндістан үшін кедейлік шегі доллар емес, күніне 33 цент деп аламыз.

Осының бәрін ескеріп, Сиэтл немесе Денверде пәтерақы төлегеннен кейін күніне бір долларға өмір сүретініңізді елестетіп көріңіз. Оңай емес!

*Эстер Дюфломен толық сұхбатты [illegible] арқылы оқи аласыз.

## Глоссарий

Бес «Мәселе» айдарының біреуі жаңа. Студентті пікірталас пен талқылауға тарту үшін онда мәселе көрсетіп, содан кейін екі қарама-қарсы пікірді ұсынады. Ол мәселені түпкілікті шешпей, керісінше, студенттер мен оқытушының пікірталасты аудиторияда жалғастырып, жеке қорытынды шығаруына мүмкіндік береді.

«Қолданбалы экономика» айдары модельдерді нақты әлемнің экономикалық әрекетімен байланыстыратын деректер мен ақпарат ұсыну арқылы экономиканы нақты ете түседі. Осы айдарда бір жолдағы жүрдек пойыздар сияқты бес Азия

Глоссарийдің өзін оқыған қызық емес, алайда ол – әр пән үшін маңызды алғашқы қадам, сондай-ақ ол тиімді және ұғынықты болуы қажет. Ерекшеленіп берілген тірек сөздер бұл міндетті одан да оңай етеді. Әр тірек сөзге ерекшеленіп берілген сөйлемнің ішінде анықтама беріліп, тарау соңындағы тізім мен кітап соңындағы глоссарийде, MyLab Economics-тегі интерактив глоссарийде, Flash card құралы мен жылдам кері байланыс жасалатын, автоматты түрде іріктелетін тірек сөздер бойынша тестіде көрсетіледі.

**Тірек сөздер** MyLab Economics Key Terms Quiz

Ақшалай баға
Алмастырғыш
Бәсекелі нарық
Қалыпты тауар
Салыстырмалы баға
Сапасыз тауар
Сұраныс
Сұраныс заңы
Сұраныс қисығы
Сұраныстың өзгеруі
Сұратылған көлем
Сұратылған көлемнің өзгеруі
Тепе-тең баға
Тепе-тең көлем
Толықтырғыш
Ұсынылған көлем
Ұсынылған көлемнің өзгеруі
Ұсыныс
Ұсыныс заңы
Ұсыныс қисығы
Ұсыныстың өзгеруі

## Әрекетті көрсету және оқиғаны баяндау

Алдыңғы он екі басылым осы кітап ішіндегі сызбалардың анықтық стандартын бекітті; 13-басылымда осы дәстүр жалғасын тапты. Менің мақсатым – «экономикалық әрекет қай жерде жүретінін» көрсету. Бұл кітаптағы сызбалар туралы аса оң пікірлер айтылады, ал бұл графикалық талдаудың экономиканы қағидалар деңгейінде үйрету мен оқу үшін қолжетімді ең керемет құрал екені туралы менің көзқарасымды растай түсті.

Кейбір студенттер үшін сызбалармен жұмыс істеудің қиынға соғатынын мойындай отырып, мен бүтін көркемдеу бағдарламасын студенттердің зерттеу мен шолудағы қажеттіліктерін ескеріп әзірледім.

-123010-2/3




**Жанармай нарығы**

Сызбалардың ерекшеліктері:

- Айқын нақты әлем деректері мен мүмкіндігінше жаңа және маңызды тұсында ең кейінгі деректерді анықтап көрсететін осьтер;
- Кесте деректерімен бірге берілетін сызбалар, олар арқылы қисықтар салынады;
- Үнемі көкпен боялып көрсетілетін бастапқы қисықтар;
- Қызылмен ерекшеленіп берілетін жылжитын қисықтар, тепе-теңдік нүктелері және бастапқы да маңызды ерекшеліктері;
- Жылжуды көрсететін аралас түсті нұсқарлар
- Оқиғаны баяндайтын айдарларда ескертумен белгіленген сызбалар;
- Оқу мен шолу үшін әр сызба мен оның атауын дербес объект ететін ұзартылған атаулар.

## Интерактив түрде үйрену – істеу арқылы үйрену

Әр тарау соңындағы «Пысықтау сұрақтары» студентті негізгі идеяларды қамтитын сұрақтар бағанымен жұмыс істеуге шақырады. MyLab оқу жоспарындағы параллель сұрақтар жиынтығы студентке тапсырмаларды орындап, жылдам мақсатты кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Тарауды қарап шығудың бір бөлігі ретінде студент тараудың негізгі мазмұнын қамтитын және сұрақтардан, шешімдерден, негізгі нүктелер мен негізгі сызбадан, бірнеше бөліктен тұратын мәселемен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл ерекшелік студенттің істеу арқылы үйренуге және тарауды селқос қарап шыққаннан гөрі тереңдей зерделеуге деген ынтасын арттырады. Орындалатын тапсырмалар мәселенің негізгі сызбасының интерактив анимациясымен бірге MyLab оқу жоспарында болады.

## MyLab™ Economics

**MyLab Economics арқылы әр студентті жұмысқа жұмылдырыңыз.** MyLab – *әр* студентті жұмысқа жұмылдыруға мүмкіндік беретін үйрету және үйрену платформасы. Автордың сенімді деректерін сандық құралдармен және икемді платформамен біріктіру арқылы MyLab оқу тәжірибесін дербестендіріп, әр студенттің нәтижелерін жақсартады. Кеңейтілген жаңа Pearson eText-пен студенттер мәтінге сәйкес **Сызба анимацияларымен** жұмыс істей алады. Әр тарауды сұрақтардан, шешімдерден және негізгі сызбадан тұратын **Шешілген мәселе** айдары қорытындылайды.

**Сенімді деректерді беріңіз.** Сіз курсыңыздың жоғары стандарттарына сай келетін оқыту материалдарына қол жеткізуге лайықсыз. Сондықтан сіз сене алатын және студенттеріңізге көмектесетін интерактив деректер мен курс үшін нақты ресурстарды дамытуда біз өте құрметті авторлармен бірігіп жұмыс істейміз. **Экономика жаңалықтары** оқиғалары студенттердің қызығушылығын

Кітапхана
Библиотека

тудырып, ынталандыруы әбден мүмкін, сондай-ақ MyLab Economics шеңберінде берілетін және автоматты түрде жіктеуге болатын ағымдағы мәселелерді қарастырады.

**Әр білім алушының мүмкіндіктерін кеңейтіңіз.** Әр студенттің оқып-үйрену жылдамдығы әртүрлі. Дербестендірілген оқу әр студентке тәжірибе жинауына қажет нақты бағытты анықтауына жол ашады; барлық студент жетістікке жетуі үшін қашан және қайда болса да қажетті қолдау танытады.

**Курсыңызды өз тәсіліңізбен оқытыңыз.** Сіздің курсыңыз бірегей. Сондықтан өз жеке тапсырмаларыңызды құрып, бірнеше тарауды оқытуды немесе қажет алғышарттар тудыруды қаласаңыз, MyLab Economics қажетіңізге сай келетін курсты оңай жасауда икемділік ұсынады. Ең соңғы деректерді өз курсының негізгі бөлігі еткісі келетін оқытушылар үшін **Нақты уақытта деректерді талдау (Real-Time Data Analysis)** тапсырмалары Сент-Луис FRED – Федералдық резерв банкінің сайтымен тікелей байланысады, осылайша FRED жаңа деректерді енгізген сәтте студенттер ең соңғы жаңартылған деректерді автоматты түрде көре алады.

**Студенттің нәтижелерін жақсартыңыз.** MyLab-пен оқытқанда студенттердің оқу үлгерімі жақсарады. Сондықтан оқытушылар 15 жыл бойы MyLab-ты таңдап, 50 миллион студенттің өмірін өзгертті.

## Жұмысқа орналасу машығын дамыту

Экономикалық ойлау – азаматтық ұстаным мен мансапқа негіз болатын машық. Мәтіннің әрбір ерекшелігі студентке ымыраның ортақ идеяларын, балама құн, пайда, түрткі мен ынталандыру, еркін айырбастау, сұраныс, ұсыныс күші және тепе-теңдік, экономикалық рентаны іздеу және жеке мүдде мен қоғамдық мүдде арасындағы шиеленісті пайдалану арқылы осы машықты дамытуға көмектеседі.

«Экономикадағы экономистер» деп аталатын 1-тараудың жаңа бөлігі жұмысқа орналасу мен табысты мансап құруда шешуші рөл атқарған мына бес жалпы машықты анықтайды. Кестеде осы машықтар және осы мәтіндегі оларды дамытуға көмектесетін ерекшеліктер көрсетілген.

**МАНСАП ҮШІН ҚАЖЕТТІ МАШЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ДАМЫТАТЫН ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

| Машық | Ерекшелік |
|---|---|
| Сыни тұрғыдан ойлау | Экономика жаңалықтары<br>Мәселе |
| Аналитика | Экономикалық ойлау<br>Модельдерді манипуляциялау<br>Модельдерді қолдану<br>Графикалық талдау |
| Математика | Математикалық қосымшалар |
| Жазу | Пысықтау сұрақтары және тарау соңындағы қысқаша жауабы бар тапсырмалар түріндегі мәселелер мен қосымшалар |
| Ауызекі коммуникация | Оқу бөлмесіндегі талқылау мен пікірталасқа арналған тақырыптар ретіндегі «Экономика жаңалықтары» және «Мәселе» |

## Мазмұнды шолу және икемділік

Курсыңызды қалай оқытқыңыз келетіні туралы қалауыңыз бар, мен бұл кітапты сізге оқыту тәсіліңізді таңдауға жол ашатындай етіп әзірледім. 7-беттегі диаграммада кітаптың икемділігі көрсетілген. Диаграммадағы нұсқарлар көмегімен курс құрылымы бойынша қалауыңызға бәрінен лайықты тәсілді таңдай аласыз. Теория мен саясатты үйлестіретін дәстүрлі курс не теория немесе саясатты тез шолып өтетін курс оқытқыңыз келсе де, оқулық мәтінінен қалауыңызға сай келетінін таңдай аласыз.